

кг/сағ. құрайды. Бұл, бірнеше өтпелі доғалы пісірудегі осындай көрсеткіштерден 10-20есеге артық. Электр кожды пісіруде, салыстырмалы түрде, ваннаның мөлшері үлкен, кристалдану жылдамдығы аз болғанымен, жоғары сапалы пісіру жалғастарын алуға ықпалын тигізетін, жайлы металлургиялық факторлар: кристалдану бағыты төменнен жоғары, жік металының электр кожды рафинациялануы т.б. Электр кожды тәсілмен кимасы тік бұрышты және кисык сызықты ауыр дайындамаларды, өрнекті баспа пішіндерді, жұқа тілікшелер топтамасын т.б. пісіреді. Алюминий және оның әртүрлі қорытпаларын электр кожды пісіру үшін, жалғастыратын жиектердің бетін ұқыпты дайындамай-ақ, пісіру сапасын қамтамасыз ететін АН-А301, АН-302 және АН-А304 флюстері жасалды. Флюс шығыны қосынды металдың массасының шамамен 10% құрайды. Пісіруді айнымалы токпен, А-550М және А-1304 аппараттарымен, тілікше немесе құрама электродтармен орындайды. Пісіру тоғының нәрлендіру көзі есебінде ТШС-3000-1 және ТШС-10000-1 трансформаторларын қолданады. Электр кожды пісірумен алынған жіктер құрылымы тығыздығымен және жеткілікті жоғары механикалық қасиеттерімен сипатталады. Жіктердің беріктік коэффициенті алюминийде 1-ге тең, АМц қорытпасында – 0,9-0,95, АМг қорытпасында - 0,8-0,9. Электр кожды пісіруді қалыңдығы 40-50 мм-ден астам алюминий және оның қорытпаларын жалғастыру үшін пайдаланған тиімді. Экономикалық тиімділігі, көпқабатты доғалы пісіруге кететін шығындардың орташа алғанда 50 % құрайды. Пісірілетін бұйымның қалыңдығы көбейген сайын, басқа металдарды пісіру сияқты, осы үрдістің технико-экономикалық тиімділігі жоғарылайды. Қорытынды

Алғаш рет дат ғалымы Х.К.Эрстед 1825 жылы таза алюминий алды, ал 1854 жылы француз химигі А.С.Сентклер Дэвиль оны өндірісте өндіру тәсілін ашты. Сол кезде алюминий өте жоғары бағаланып, оның бір фунты алтын есебімен 40 сом болатын, алюминий алу өте қымбатқа түскен, онан жүзік, сақина және басқадай заттар жасалып сыйлықтар орнына жүрген. Алюминий созылмалы, жұмсақ, жеңіл металл, оттегімен жақсы қосылыстар түзе алады, сондықтан ол басқа металдарды оттегімен босатып таза металға айналдырады. Темір тотығын алюминий үгіндісімен араластырып магниймен жандырған кезде көп қызу (3000°C) бөлінеді. Осы қасиеті баяу балқитын металдарды (титан, ванадий, хром) алуға пайдаланылады. Алюминий, магний және литий қосындылары самолет құрылысында, ракета жасауда жиі қолданылады. Самолеттің 65–66% (моторсыз